

**№ 2290 тіркелген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасының "Мемлекеттік қызметшілердің қызмет тізімі үлгісін бекіту туралы" 2003 жылғы 29 сәуірдегі № 02-01-02/59 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 2004 жылғы 9 қазандағы № 02-01-02/100 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 12 қазанда тіркелді. Тіркеу № 3142. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 11 ақпандағы № 31 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрінің 11.02.2016 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы № 327 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді аттестациядан өткізу ережелерінің 34-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңының 13-бабы 3-тармағының негізінде б ұ й ы р а м ы н :

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасының "Мемлекеттік қызметшілердің қызмет тізімі үлгісін бекіту туралы" 2003 жылғы 29 сәуірдегі № 02-01-02/59 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде № 2290 тіркелген, 2003 жылғы 23 мамырда № 123-124 "Егеменді Қазақстан" және 2003 жылғы 23 мамырда № 150-151 "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

осы бұйрықтың қосымшасында "Наградтаулар, көтермелеулер" деген қатардан кейін "Арнайы тексеру нәтижелері (ұлттық қауіпсіздік органдарының хатының күні және нөмірі)" және "Аттестацияның күні және нәтижелері" деген қатарлармен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуге алынған сәтінен бастап күшіне енеді.

*Төраға*